

## Жобаның жарғысы.

<b>Жобаның атауы</b>	Семей қаласында «Сенім» қолдау орталығы
<b>Бастамашы</b>	Букенбаева А.Н.
<b>Негіздеме</b>	<p>Өмірлік қиын жағдайда қалған санатты қолдау, психологиялық, медициналық, тұрмыстық көмек көрсету үлкен сауапты іс деп санаймыз. Ішкі істер Министрлігінің мәліметіне сенсек елімізде 40 орталық жұмыс атқарады. Алайда халықаралық құқық қорғау ұйымының есебіне сай 18 млн халқы бар ел үшін бұл орталықтар саны жеткіліксіз болып саналады. Көпшілік қолдау орталықтары мемлекеттік емес болып табылады. Осы ақпараттарды негізге алып, біз қолдау орталығының ашылуында мемлекеттің көмегіне жүгінеміз.</p> <p>Статистикаға сүйенсек, қаңтар айында ШҚО Ішкі істер Департаменті жанындағы әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшесіне облыстың 898 тұрғыны көмекке жүгінген. Өткен жылдың қаңтар айымен салыстырғанда бұл көрсеткіш көмекке жүгінгендердің саны 692-ге азайғанымен, ақпан айының екі жарым аптасында тағы 741 әйел үй тирандарының құрбаны болған.</p> <p>m.ustinka.kz сайтының ақпаратына сәйкес, өткен жылы дағдарыс орталығына 3214 әйел, оның ішінде кәмелетке толмаған балаларымен жүгінген. Олардың 70-і отбасындағы жағдай жақсарғанға дейін орталықтың баспанасында тұрған.</p>
<b>Демеуші</b>	Республикалық қаражаттан бөлінеді
<b>Бағдарламалар және басқа НҚҚ байланысы</b>	ҚР-ның Конституциясы, Бала құқықтары туралы конвенцияда, «Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», Президенттің жолдауы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан іс-қимыл кезеңі», «ҚР-ның денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы

<b>Тапсырыс беруші</b>	«ШҚО Семей қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» мемлекеттік мекемесі
<b>Жобаның кураторы</b>	«ШҚО Семей қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Құржықаев Мұрат Мұрзаханұлы
<b>Жобаның басшысы</b>	«ШҚО Семей қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Ашелов Сабыр Даярханович
<b>Жобаға мүдделі мемлекеттік органдар</b>	«ШҚО Семей қаласы әкімінің аппараты» ММ, «Семей қаласының әділет басқармасы» ММ, «ШҚО Семей қаласының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ-сі, «ШҚО Семей қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, «ШҚО Семей қаласының №2 арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» ММ, «ШҚО Семей қаласының қиын өмірлік жағдайға тап болған тұлғаларды қайта әлеуметтендіруге арналған орталық» КММ
<b>Басталған күні</b>	24 мамыр 2021 жыл
<b>Аяқталған күні</b>	24 мамыр 2022 жыл
<b>Дайындаған</b>	Букенбаева А.Н, Курмангалиева Н.Б, Капезова А.Н, Болатханова Б.Б
<b>Жобаның миссиясы</b>	Қиын жағдайға түскен адамдарға көмек көрсету
<b>Жобаның мақсаты</b>	2022 жылы 24 мамырда Семей қаласында қиын жағдайға түскен адамдарға көмек көрсететін «Сенім» қолдау орталығын ашу
<b>Жобаның міндеттері</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1) Жобалық сметалық құжаттар әзірлеу және бекіту</li> <li>2) Жобаға қызығушылық танытатын стейхолдерлармен кездесу, келісім шарт жасау</li> <li>3) Ағартушылық жұмыстар жүргізу</li> <li>4) Ғимаратты жалға алу</li> </ol>

	<p>5) орталықтың қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру (4 мезгілдік тамақтану, төсек-орын жабдықтары, жұмыс орын құрал-жабдықтары)</p> <p>6) Келісім шартпен жұмыс атқаратын қызметкерлерді жұмысқа қабылдау</p> <p>7) Жұмыс кестесін құру, ашылу</p>
<b>Жобаның сәттілігін бағалаудың мақсаттары мен өлшемдері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Тұтынушылардың қажетті уақытта көмек сұрауға ашықтығы</li> <li>- Сапалы көмек түрлерінің ұсынылуы (кәсіби мамандар, қажетті ресурстар)</li> <li>- Көмекті көрсетуге бағытталған ұйымдардың тұрақты серіктестігі</li> </ul>
<b>Жобаның өнімі</b>	<p>Қиын жағдайға түскен адамдарға көмек көрсететін «Сенім» орталығы, келесі бағыттарда көмек ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-зандылық-құқықтық қорғау, құжаттарды әзірлеу құқықтарын, психологиялық кеңес беру;</li> <li>-уақытша баспана</li> <li>-жұмыспен қамту</li> <li>-емдеу орталықтарына орналастыру</li> </ul>
<b>Жоба қатысушылары</b>	<p>«ШҚО Семей қаласы әкімінің аппараты» ММ</p> <p>«Семей қаласының әділет басқармасы» ММ</p> <p>«Семей қаласының №2 қалалық ауруханасы» ШЖҚ КМК</p> <p>«ШҚО Семей қаласының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ-сі</p> <p>«ШҚО Семей қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ</p> <p>«ШҚО Семей қаласының №2 арнай әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» ММ</p> <p>«ШҚО Семей қаласының қиын өмірлік жағдайға тап болған тұлғаларды қайта әлеуметтендіруге арналған орталық» КММ</p> <p>БАҚ</p>
<b>Жобаның мүдделі тараптары</b>	<p>«ШҚО Семей қаласы әкімінің аппараты» ММ</p> <p>«Семей қаласының әділет басқармасы» ММ</p> <p>«Семей қаласының №2 қалалық ауруханасы» ШЖҚ КМК</p>

	<p>«ШҚО Семей қаласының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ-сі  «ШҚО Семей қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ  «ШҚО Семей қаласының №2 арнай әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» ММ  «ШҚО Семей қаласының қиын өмірлік жағдайға тап болған тұлғаларды қайта әлеуметтендіруге арналған орталық» КММ  БАҚ  Тұтынушылар категориясы (әйелдер, балалар)</p>
<p><b>Жоба бойынша болжам:</b>  - күні бойынша;  - құны бойынша;</p>	<p>Жобаның іске асуы 365 күнге созылады.  Орташа құны 16 760 000 теңге (құжаттарды әзірлеуге, инфрақұрылым жүргізуге, ресурстарға, жерді жалға алуға, еңбек ақы, маркетингтік жағдайларға, құрал-саймандар + тәуекелдер)</p>
<p><b>Жобаның шектеулері</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қаражаттың бөлінбеуі</li> <li>- Қиындыққа түскен адамдардың орталыққа келмеуі</li> <li>- Стейкхолдерлардың келісімшарттан бас тартуы</li> <li>- Көмек көрсететін ресурстардың шектелуі</li> </ul>
<p><b>Жобаның басымдықтары</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазір осы бағыттағы мәселе пандемия барысында өте өзекті</li> <li>- Қиын жағдайдағы адамдарға уақытылы көмек көрсетудің арқасында суицидтің санын азайтылуы мүмкін</li> <li>- Ашылған қолдау орталық азаматтарға тек психологиялық, әлеуметтік қана емес заңгерлік көмек және уақытша баспана берумен көмектеседі.</li> <li>- Біз үшін орталықтың сапалы қызмет атқаруы маңызды.</li> </ul>
<p><b>Жобаның негізгі кезеңдері</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ЖСҚ – ны бекіту</li> <li>- Стейкхолдармен келісім шартқа отыру</li> <li>- Ұйымның заңды түрде қызмет көрсетуі үшін рұқсат құжатын алу</li> </ul>

